

туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 26 бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті ветеринариялық шараларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Ірі қара малдың жұқпалы алаөкпесі (*Pleuropneumonia contagiosa bovis*), өкпе мен плевраның қабынуы - артынан өкпенің шіріп, өлеттенуі түрінде өтетін ж ұ қ п а л ы а у р у ы .

Қалыпты жағдайда ірі қара мал жұқпалы ала өкпеге, соның ішінде буйвол, безон, өркешті сиыр, қодасқа сезімтал.

2. Ауру қоздырушысы - *Mycoplasma mycoides* - *Mycoplasma* тұқымдастығына, *Mollicutes* класына жатады. Микроорганизм, кокк, диплококк және жіп, ж ұ л д ы з ш а тү р і н д е б о л а д ы .

Қоздырғыштың көзі болып жұқпалы алаөкпемен ауыратын мал болып табылады. Ауру және сау малдарды бір жерде ұстап, аз уақыт қатар тұрсада ауру жұғады. Жұқпалы алаөкпе қоздырғышы ауру малдың организмнен мұрын ағындысы, жөтелгенде, зәрмен, сүтпен және ұрық жанындағы сумен бөлінеді. Жұқпалы алаөкпенің таралуына тыныс алу жолы ерекше әсер етеді.

3. Жұқпалы алаөкпеге балау эпизоотикалық жағдайын талдау (тек ірі қара мал ауырады; эпизоотиясы баяу ағымда өтеді), клиникалық белгілерін (плевраның қабынуы, өкпенің қабынуы), патологоанатомиялық өзгерістің (өкпенің, плевраның зақымдалуы, секвесторларының көбеюі) және зертханалық тексерулер нәтижесінде (таза шаруашылықтан алынған бұзауларға биосынама қою, бактериологиялық және серологиялық зерттеулер) негізделеді.

2. Ірі қара малының жұқпалы алаөкпесіне таза емес аймақтарда және індетті ошақтарда өткізілетін шаралар

4. Елді мекендерде, шаруашылық субъектерінде, фермада, табында ірі қара малының жұқпалы алаөкпесінің бір ғана оқиғасы тіркелсе, онда оны ауруға таза емес деп есептеп, эпизоотикалық жағдайы және аурудың таралу дәрежесін анықтағанға дейін шаруашылық субъектеріне әкелуге, алып кетуге, топтастыруға ветеринар дәрігері рұқсат бермейді.

5. Ірі қара малының жұқпалы алаөкпесі мынадай жағдайда анықталады деп есептелінеді, егер клиникалық балау қатынасында патологоанатомиялық өзгеріс кезінде немесе сойып тексерген өлген малды аурудың өзіне тән клиникалық өзгерістері анықталса. Балау мақұлданға дейін бір-екі малды сойып, акт жасап, әр сойылған малға сойыс хаттамасын жасайды. Күдікті жағдайда бұзауларды

жұқтыруға, паталогоанатомиялық тексеруге және қоздырғыштың себіндісін алуға кепілдеме беріледі.

6. Әрбір анықталған немесе күдікті деп табылған жұқпалы алаөкпе бойынша осы уақытқа дейін ауруға таза деп есептеліп келген шаруашылық субъектісінде ветеринар дәрігері немесе мал иесі тез арада ауданның бас мемлекеттік инспекторына хабарлайды, ол балауды анықтау үшін шаралар жүргізеді.

7. Эпизоотикалық ошақта және ауруға таза емес пунктте ветеринарлық инспекторлармен мынадай шараларды жүргізеді:

1) ауруға таза емес шаруашылық субъектісіне немесе оның жекеленген бөлігіне карантин қою туралы шешім үлгісін аудан әкіміне ұсынады;

2) ересек ірі қара малды және бұзаулардың басын дәл есептеу, журналға тіркеу, сондай-ақ жүргізілген тексерулер мен байқауларды жазу (клиникалық, серологиялық, паталогоанатомиялық, егу туралы, егуге әсері);

3) малдар тұратын, жайылатын, су ішетін жер бекіту;

4) жұқпалы алаөкпеге таза емес шаруашылық субъектісінде барлық ересек қара мал мен бұзауларды клиникалық тексеру (аускультация, перкуссия және температура өлшеу). Сонымен бірге қан алып зертханаға комплементтік байланыстыру реакциясында зерттеу үшін жібереді (бұдан әрі - КБР);

5) зерттеу нәтижесінің қортындысына қатысты малды топқа бөлу;

6) клиникалық белгілері бар ауру малдарды санитарлық союды ұйымдастыру;

7) шартты сау малдарға (ауру жұққан күдікті мал) таңба салуын ұйымдастыру.

8. Жұқпалы алаөкпе ауруын анықтағанға дейін таза емес шаруашылық субъектілерімен тығыз қатынаста болған және малдары бір-бірімен ортақ су, қора және басқа нәрселер шаруашылық жолымен толық шешілмеген жағдайда, ондай шаруашылыққа карантин белгіленеді.

9. Карантин белгіленген аумақта рұқсат етілмейді:

1) сауықтыру шараларын жүргізетін ветеринар дәрігерісіз малды топтастыру;

2) алаөкпеге қолайсыз шаруашылық субъектісінен (пунктінен) мал әкету және оған сау мал қосуға;

3) алаөкпе ауруынан таза емес шаруашылық субъектісінің аумағынан малды айдауға немесе тасымалдауға;

4) жұқпалы алаөкпе ауруына таза емес шаруашылық субъектісінен және елді мекеннен азық пен жем шығару. Бұндай шаруашылық субъектісінің азық пен жемі өз шаруашылық субъектісінде қолданылады.

10. Қанның сарысуын КБР бойынша ветеринарлық зертханада бірінші тексергенде күдікті болса, ондай малдан тағы қан алып, сарысуы екінші рет тексеріледі. Теріс реакциялы (шартты) малдар сау деп есептелінеді; оң және екі рет күдікті деп танылған реакциялы малдар ауру деп есептеледі.

11. 3 күн ішінде ветеринариялық зертханалар шаруашылық субъектісіне КБР-де сарысудың зерттеу қорытындысын хабарлайды.

12. Барлық клиникалық аурулар, жұқпалы алаөкпе ауруына күдікті делінген және КБР бойынша оң реакция тіркелген малдар тез арада табыннан бөлініп алып изоляторда ұстап, шаруашылық субъектісінде ұйымдастырылған алаңда сойылуға тиіс, ол туралы акт жасайды, табылған патологиялық өзгерістер толық көрсетіледі. Өлген малдардың терісі оқшауланған жағдайда ауада кептіреді. Салқындатылған ет тек қана өндірістік қайта өңдеуге пайдаланады. Бұзылған мүшелер мен бүтін ет утил қондырғыларында өртеу арқылы немесе мал моласына ауру малдан бөлінгендері және жатқан жерінің жоғары қабатымен бірге тасталынады.

13. Жұқпалы алаөкпемен ауырған немесе КБР-ге оң нәтиже берген малдар тұрған қоралар, сою алаңы және оның айналасындағы аумақтар, бақылау мен малдар егілген орын механикалық тазартудан өткізіледі. Дезинфекциялау үшін Қазақстан Республикасында тіркелген және осы аурудың қоздырғышына қарсы қолдануы тиімді дезинфекциялық құралдар пайдаланылады. Көң биотермикалық жолмен залалсыздырылады.

14. Жұқпалы алаөкпеден клиникалық және серологиялық таза, бірақ ауру малдармен байланыста болған малдар шартты түрде сау деп есептеп (ауруға күдікті), оң жақ жағына "П" әрпімен таңбалайды және барлық, оның ішінде буаз және бұзау туған сиырлар, сондай-ақ бір жетіден асқан бұзаулар аралығы 25-30 күн салып 2 рет вакцинамен вакцинацияланады.

15. Аурудан таза емес шаруашылық субъектісінде алаөкпенің таратушы көзі болып табылатын ауру малдарды толығымен және уақытында жою үшін шаруашылық субъектісінде карантинді алмас бұрын 2 жетіден кеш емес уақытта клиникалық тексерулер жүргізіледі.

16. Шаруашылық субъектісінде (немесе оның бөліктерінде) бүкіл карантин кезінде шартты сау малдарға оны қоршаған шаруашылық субъектісінен немесе шаруашылық субъектісінің бөліктерінен (ферма) толық бөлуге жағдай жасалынады.

17. Екінші рет барлық малдар вакцинацияланған уақыты аяқталғаннан кейін 3 ай мерзімге карантин қойылады. Екінші вакцинациядан кейін ауру малдар анықталса, карантин мерзімі ауру малды жойылған уақыттан бастап есептелінеді.

Егер көрсетілген мерзім ішінде малдың жұқпалы алаөкпесіне ауру не күдікті малдар табылмаса, карантин алынып, шаруашылық субъектісі жұқпалы алаөкпеге таза деп есептелінеді.

18. Жұқпалы алаөкпе ауруына қолайсыз елді мекенмен, сол жылы жұқпалы алаөкпе жойылған шаруашылық субъектісімен шекараласатын шаруашылық

м ү м к і н .

Патогенді стафилакоккті тудыратын ауру іріңді абцесті мастит немесе геморрагиялық мастит түрінде өтеді және желіннің гангренасын тудырады.

3. Қойға мынандай жолдар арқылы жұғады:

1) галактогенді - сүт жолымен желін үрпісі инфекцияланған төсенішпен, ауру қозы емгенде және де сау аналық қой зақымдалғанда.

2) лимфогенді - желінің әртүрлі жарақаты арқылы, жұқпалы қоздырғыштар е н е д і .

3) гематогенді - жатырдағы іріңді немесе гангренозды процестер арқылы.

Маститтер қоздырғыштары желіннің терісі мен дені сау қойлардың емшек каналдарының шырышында болады және өздерінің ауру туғызушы әсерін қолайсыз жағдайлармен жануарлар күші әлсірегенде, емізу барысында көрсетеді.

4. Диагностикалық зерттеу комплексіне кіргізіледі:

1) анамнездік мәліметтер - ауырған қойлар саны мен пайда болу уақытын осы жылдың күйік кезеңінен бастайды және өткен жылдағы қойлардың маститпен ауырған жағдайларын, азықтандыру мен жануарларды қарау жағдайларын а н ы қ т а й д ы ;

2) желінді клиникалық зерттеу - желіннің көлеміне, сау теріні зақымданған бөлікпен салыстырғандағы тері түсіне, тығыздығына, температураға және пальпация кезіндегі ауру сезіміне, үрпі үсті лимфа түйіндерінің және үрпі ұштарының жағдайларына, үрпі сөлінің сипатына (түсіне, іртікті түйіршіктеріне, іріңге, қанға) назар аударады ;

3) шаруа субъектісінің эпизоотиялық жағдайын анықтау - ауру күйіктен кейін 2-4 апта өткен соң басталады және отарда кең таралуы 3-4 ай уақытында болады да сүт беру уақыты тоқталады .

Келесі күйікті кезінде ауру қайта дамып, стационарлы сипат алуы мүмкін. Инкубациялық кезеңінің ұзақтығы - бірнеше сағаттан бір күнге жетеді;

4) аурудың бастапқы формасын анықтау мақсатында қой сүтін экспресс әдіспен және мастидин немесе димастин сынамасымен зерттейді;

5) сүт безінің зақымдалған бөлігіндегі секреттің, сондай-ақ өлген жануарлардан алынған осы бездің бөліктерін зертханалық зерттеуі (қоздырғышты анықтау мен оның дәрілік препараттарға тұрақтылығын анықтау ү ш і н) .

Сынаманы алудан бұрын желінді жылы сумен жуады, қой желіні мен сауыншы қолын таза сүлгімен сүртеді және 70⁰ -ты спиртпен өңдейді. Бактериялогиялық зерттеу үшін өлген жануардан лабораторияға желіннің сау тінімен қоса кесілген және глицериннің 30% стерильді ерітіндісімен бекітілген зақымдалған бөлігін жібереді.

2. Қойдың инфекциялық маститінің алдын-алу шаралары

5. Жүйелі түрде аналық қойларға әсіресе лактация кезеңінде клиникалық тексеру жүргізіледі. Ауру аналық қойды қозыларымен бірге оқшаулап емдейді. Ауру аналық қойдан қозыны жекелеп, ауыз қуысын антисептикалық ерітінділермен мұқият түрде өңдегеннен кейін сиыр сүтімен азықтандырады немесе дені сау аналық қойға қосады. Ауырған малды оқшаулап ұстап тіркейді. Бір мезгілде қашарды мұқият түрде тазалайды және формальдегидтің (3%-ты) хлорлы әктің (3%-ті белсенді хлор), күйдіргіш натрийдің (3%-ті), ерітінділерімен дезинфекциялайды. Ауру мал сүтін жеке ыдысқа жинап жояды. Қиды биотермиялық әдіспен залалсыздандырады.

6. Отардағы аналық қой басын инфекциялық маститтен сау қойлар құрайды.

7. Емізулі аналық қойларды толық азықтандырумен қамтамасыз етеді және қолайлы жағдай жасайды. Олардың сүт безінің жағдайына көңіл аударады және жүйелі түрде қарап отырады.

8. Сауудан бұрын желінді 0,5%-ті кальция гипохлориді жылы ерітіндісімен дымқылданған сүлгімен сүртеді. Осы сүлгіні басқа қойларға қолданбас бұрын таза сумен шайып, сығып және қайтадан дезинфекциялық ерітіндімен дымқылдайды.

Сауып болған соң желінге міндетті түрде антисептикалық дезинфекциялайтын эмульсияны жағады (сонымен қатар синтомицин, стрептоцитті мазь, тетрациклинді мазь және тағы басқалары).

9. Маститке күдіктенген кезде сауылған қой сүтін шаруашылық қожалығында жедел әдіспен зерттейді, ал ауру мал сынамасын және өлген мал желінінің бөлігін бактериологиялық зерттеу мақсатында зертханаға жібереді.

10. Ауру мал бөлінгеннен соң шаруашылықты міндетті түрде тазалап және дезинфекциялауды санитарлы талаптарға сай жүргізу қажет.

11. Дезинфекция үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген препараттар қолданады.

3. Қойдың инфекциялық мастит ауруын жою жөніндегі іс-шаралары

12. Инфекциялық маститпен ауыратын қойларды оқшаулайды, толық азықпен қамтамасыз етеді.

13. Емдеу үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген осы ауру үшін тиімді антибиотиктерді, сульфаниламидтерді және тағы басқа препараттарды қолданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК